

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	ЕҚ, АҚ және ҚТ, ӨҚ бөлімі	Нұсқаулық	Релакция I
		I-ден I бет	



Бекітемін  
 Басқарушы директор  
 М. Жумадилов  
 « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2026ж.

## ЖҰМЫС ОРНЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ БОЙЫНША КІРІСПЕ НҰСҚАМА

### 1. Жұмысты бастар алдында қызметкер міндетті:

- 1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және электр қауіпсіздігі талаптарымен танысуға;
- 2) пайдаланылатын жабдықтың, аспаптардың және техникалық құралдардың жарамдылығын тексеруге;
- 3) электр кабельдерінің, розеткалардың, ашалардың және электрмен жабдықтаудың өзге де элементтерінің зақымданбағанына көз жеткізуге;
- 4) жарақат алу және авариялық жағдайлардың туындау қаупін болдырмайтындай етіп жұмыс орнын ұйымдастыруға;
- 5) өту жолдарына, шығу орындарына және өрт сөндіру құралдарына еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуге.

### 2. Жұмыс барысында қызметкер міндетті:

- 1) жабдықтарды, құралдарды және техникалық құралдарды тек мақсатына сәйкес және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сай пайдалануға;
- 2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтауға;
- 3) жұмыс орнында тәртіпті сақтауға;
- 4) өту жолдарының, эвакуациялық шығу орындарының және жұмыс аймақтарының бөгде заттармен жабылуына жол бермеуге;
- 5) ақаулы жабдықтарды пайдаланбауға;
- 6) тиісті өкілеттіктерсіз жабдықтар мен электр техникалық құрылғыларды өз бетінше жөндемеуге;
- 7) белгіленген еңбек және демалыс режимдерін сақтауға;
- 8) анықталған ақаулар, қауіпсіздік талаптарының бұзылуы немесе қауіпті жағдайлардың туындауы туралы тікелей басшысына дереу хабарлауға.

### 3. Электр қауіпсіздігі талаптары:

- 1) электр жабдықтарына дымқыл қолмен жанаспауға;
- 2) зақымдалған кабельдерді, ұзартқыштарды және электр құралдарын пайдаланбауға;
- 3) электр желісіне шамадан тыс жүктеме түсіруге жол бермеуге;

4) күйік иісі, ұшқын шығу, түтіндену немесе жабдықтың қызып кетуі анықталған жағдайда оның пайдаланылуын дереу тоқтатып, жауапты тұлғаға хабарлауға.

**4. Өрт қауіпсіздігі талаптары:**

1) эвакуациялық шығу орындарының, өрт сөндіргіштердің және басқа да өрт сөндіру құралдарының орналасқан жерін білуге;

2) өрт қауіпсіздігі талаптарын және белгіленген өртке қарсы режимді сақтауға;

3) тыйым салынған орындарда ашық отты және басқа да тұтану көздерін пайдаланбауға;

4) өрт белгілері анықталған жағдайда 101 нөміріне және ұйым басшылығына дереу хабарлауға;

5) қажет болған жағдайда эвакуация жоспарына сәйкес ұйымдасқан түрде ғимараттан шығуға.

**5. Авариялық жағдай немесе жазатайым оқиға туындаған кезде қызметкер міндетті:**

1) егер жұмысты жалғастыру адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірсе, жұмысты дереу тоқтатуға;

2) қауіпті жағдайдың одан әрі дамуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға;

3) тікелей басшысына немесе басқа жауапты тұлғаға хабарлауға;

4) қажет болған жағдайда шұғыл қызметтерді шақыруға;

5) өзінің білімі мен дағдылары шегінде зардап шегушіге алғашқы көмек көрсетуге;

6) егер бұл айналадағы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмесе, тергеп-тексеру басталғанға дейін оқиға орнындағы жағдайдың сақталуын қамтамасыз етуге.

**6. Жұмыс аяқталғаннан кейін қызметкер міндетті:**

1) жабдықтар мен техникалық құралдарды белгіленген тәртіпке сәйкес ажыратуға;

2) жұмыс орнын қауіпсіз күйге келтіруге;

3) құжаттарды, материалдарды және жабдықтарды сақтауға арналған орындарға қоюға;

4) жұмыс барысында анықталған кемшіліктер мен ақаулар туралы басшыға хабарлауға.

Қызметкерлер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және электр қауіпсіздігі талаптарын сақтауға, белгіленген нұсқаулықтар мен жұмыстарды қауіпсіз орындау қағидаларын орындауға, жұмыс орнын қауіпсіз жағдайда ұстауға, анықталған бұзушылықтар мен қауіптер туралы басшылықты уақтылы хабарлар етуге, сондай-ақ жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

ЕҚ, АҚ және ҚТ, ӨҚ бөлімінің басшысы  Избасарова М.А.

ЕҚ және ҚТ инженері

 Садыков Е.Е.